

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг қорытындылары бойынша аналитикалық есеп

I. Кіріспе бөлім

1. Қызметі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг жүргізілген квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызмет саласының атауы: 2025 жылғы 1 тоқсанның қорытындысы бойынша «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) қызметі.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторингті жүргізген: Комплаенс-қызмет басшысы Асель Сейтжановна Жакаева, Бас комплаенс-бақылаушы Бакытжан Маралбекович Туменбаев, жұмыс телефоны 8 (7172) 95-56-56 (ішкі 155).

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг жүргізу кезеңі: 2025 жылғы 31 наурызда басталды, 2025 жылғы 03 сәуірде аяқталды.

II. Ақпараттық-аналитикалық бөлімі

Тексерулер мен ревизиялар жүргізу

Мемлекеттік органдар тарапынан Қоғамға қатысты бақыланатын кезеңге тексеру немесе аудит жүргізілмеген.

Сыбайлас жемқорлық көріністері немесе лауазымдық теріс пайдаланушылық жағдайлары туралы өтініштер және жарияланымдар

Байқалған кезеңде Қоғамға жазбаша өтініштер, сондай-ақ **senim@kazakhexport.kz** сенім электрондық поштасына және «**Senim**» сенім телефоны **8 (7172) 55 44 70** Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іс-әрекеттеріндегі теріс пайдалану немесе сыбайлас жемқорлық көріністері туралы, сондай-ақ олардың тарапынан алаяқтық әрекеттер жағдайлары туралы мәліметтерді қамтитын өтініштер түскен жоқ.

Мерзімді баспа, телевизиялық және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ), сондай-ақ әлеуметтік желілерде Қоғамдағы алаяқтық жағдайлары, оның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері арасындағы сыбайлас жемқорлық көріністері мен лауазымды теріс пайдалану туралы мәліметтер көрсетілген жарияланымдар, мақалалар, жазбалар орналастырылмаған.

Масс-медиадағы Қоғам және оның қызметі туралы еске салудың жалпы саны ағымдағы жылдың 1-тоқсанында 854 құрады.

Оның ішінде: Қоғам туралы 600 еске салу оң сипатта болды;
254 еске салу бейтарап сипатта болды;
теріс сипаттағы жарияланымдар - болған жоқ.

Құқықтық статистика органдарынан, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардан мәліметтер

Жүргізілген мониторинг шеңберінде ағымдағы жылғы бірінші тоқсан ішінде Құқықтық қамтамасыз ету, сақтандыру және кепілдік төлемдері департаменттерінің

қызметкерлері жүргізетін шағым-талап жұмыстары бойынша құжаттар, Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігінің, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет), Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының Арнайы есеп және құқықтық статистика комитетінің ресми Интернет-ресурстары, «Компра» ақпараттық-анықтамалық сервисінің деректері зерттелді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг Қоғам қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық іс қозғау және қылмыстық жауапкершілікке тарту жағдайларын анықтаған жоқ.

Қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына қатысты әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс қозғау фактілері болған жоқ.

Қоғам, оның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының қатысуымен қылмыстық істер және әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сот талқылаулары болған жоқ.

Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуразиялық Даму Банкі, Дүниежүзілік Банк, Transparency International (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және сыбайлас жемқорлық деңгейін зерттеу жөніндегі үкіметтік емес халықаралық ұйым), FATF (халықаралық ұйым - Ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі шараларды әзірлеу жөніндегі топ) сияқты халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың Интернет-ресурстарында Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың көріністері туралы немесе оны жүзеге асыру туралы немесе қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру бойынша операциялар туралы мәліметтер болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттарды сақтау

Мониторинг барысында Басқарма мүшелері қатарындағы лауазымды тұлғалардың және Қоғам қызметкерлерінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларында және Қоғамдағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттарды сақтамау жағдайлары белгіленбеген.

Белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттарды сақтамау фактілері анықталмаған: Қоғамда басқарушы функцияларды атқаратын тұлғалар мен Қоғам қызметкерлерінің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан банктерде шоттары мен салымдарының болуы, Қоғамның клиенттермен және тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілермен жасасатын мәмілелерінің жобаларын қарау кезінде жеке мүдделерін лоббирлеу, жақын туыстары мен жекжаттарының Қоғамдағы бірлескен жұмысы, құпия мәліметтерді жеке мақсатта пайдалану және жария ету туралы ескертулер мен мәліметтер анықталған жоқ.

Қоғам штатына сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған тұлғаларды қызметкерлер ретінде қабылдау жағдайлары жоқ, бұл Адами ресурстарды басқару және операциялық қызмет департаменті қалыптастырған қызметкерлердің электрондық жеке істерінде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы комитетінің Арнайы есеп және құқықтық статистика жөніндегі аумақтық органдары берген тиісті анықтамалардың болуымен расталады.

Мүдделер қақтығысының болуы және оны реттеу

Бақыланған кезеңде Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ағымдағы жұмысында мүдделер қақтығысының туындау жағдайлары анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Ағымдағы жылдың 1-тоқсанында Қоғам қызметкерлеріне «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-та мүдделер қақтығысын реттеу механизмі» тақырыбында онлайн-оқыту жүргізілді, оның шеңберінде Қоғам қызметкерлеріне мүдделер қақтығысы жағдайлары келтірілді, Қоғам қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер қақтығысын болдырмау жөніндегі міндеттері, мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу тәртібі мен тәсілдері, мүдделер қақтығысы туындаған немесе анықталған кездегі әрекеттер және мүдделер қақтығысын реттеу тәсілдері түсіндірілді.

III. Қорытынды бөлім

Бақыланатын кезеңде Қоғамның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың расталған жағдайлары жоқ.

Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ағымдағы жұмысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттар сақталды.

Комплаенс-қызметінің басшысы

А. Жакаева

Бас комплаенс-бақылаушы

Б. Туменбаев